

Қазақ халқы ежелден елдің ыңтымағын береке-бірлігін, тұтастығын сақтауда көрегендігімен, әділдігімен, адалдығымен, ақыл-парасатымен танылған ел басшысын көреген көсем, дана басшы, төре дәрежесінде дәріптеп танып ал, отауызды, орақ тілді, қара қылды қақ жарған көреген көріпкел абыз деп рухына бас иген. Мен Абай елінде туып-өсіп қазіргі ел ақсақалдарының үлкенінің бірі болып ел өміріне етене араласа жүріп көп жағдайдың куәсі болғандықтан, болашақ ұрпаққа өнеге болар осы естелікті жазғанды жөн деп білдім. Шыңғыстау өңірінің тарихын өз басым екі ірі тұлғаның есімімен байланыстырамын және мұны көзіқарақты жұрт қолдайтынына сенемін.



Б.Ерсәлімов

Х.Матаев

Б.Теміров

тыңдағандай көп нәрседен мағлұмат алушы едік. Ол өзі қызмет жасаған мерзім ішінде аудан экономикасының басты саласы – малшаруашылығын дамытудың негізі қаланды. Алдымен мал азығының берік қоры жасалды.

Қыстақтарға мал басына есептеліп қыстамаға деп бекітіліп берілетін қатаң мал азығынан басқа, совхоз директорының тікелей иелігіне жататын, 1,5 жылдық шөп қоры орталықтың шет жағына алаңға бірнеше қатар болып тайланып-буылып үйіліп қоршалды, осының өзі сырттан қарағанда жеке бір кішігірім ауыл көрінісін беретін.

Мал азығын өңдеп құнарлылығын арттыру мақсатында түрлі қоспалармен байытып беру тәсілі яғни, өндірістік технология әдісіне көшіру іске асырылды. Ірі қара мен қой борда-

# Абай елінің ардақтаған абызы

Кеңес Одағы дәуіріндегі Шыңғыстау өңірі Абай ауданы болып құрылғаннан кейін ел басына түскен қиындықтар: ашаршылық, қуғын-сүргін, соғыс азабы, атом сынақтарының зардабы одан кейінгі коммунистік саяси идеология, жоспарлы басқару жүйесінің асыра сілтеушілігі, шовинистік көзқарастың ықпалында болған ауыл өмірінің, оның ішінде тікелей малшаруашылығымен айналысатын елдің экономикасы дамымай, халықтың хал-тұрмысы төмен, әлеуметтік-мәдени, рухани салалары жұтан, ел еңсесін көтермеген шақ болды.

Міне, осы кезеңде Абай еліне басшы

обкомға қызметі ауысып, денсаулығына байланысты біраз басқа қызметте болды. Одан кейін ауданға қайтадан басшы болу аралығындағы азғана жылдарда бұрынғы Семей облысы обкомының хатшысы болған Нәсен Сембаев, облыстың бірнеше аудандарын басқарған тәжірибелі, білікті басшы болған Нұрбек Уәлиевтер қызмет атқарды. Абай елінің жұртшылығы бұл азаматтардың еңбектері мен есімдерін әр уақытта ризалықпен еске алып, құрмет тұтады.

Қазақта «біртуар» деген ұғым бар. Хафиз Ыбырайұлы Абай елі үшін осы

сол қыстың күзінде облыстың бірінші басшысының нұсқауы деген желеумен Абай ауданында жеке меншіктің малдары мөлшерден тыс көбейіп кеткен, артық малдарын мемлекетке өткіздірту керек деп, меншікке 1 сиыр 1 жылқыдан қалдырып артығын мөжбүрлеп тартып алып, аудан бойынша «Кіші дүрбе-лең» аталған науқанды шара жүріп өткен болатын. Осындай ауыртпалықтар аудан халқына едәуір қиындық әкелген уақыт еді.

Осындай қиын кезеңде Абай ауданының бірінші басшысы болып келген Хафиз ағамыз ел тірлігін қолына алып,

қылайтын кешендер мен алаңдар салынды. Механикаландырылған қой қырку пункттері, қой тоғыту құрылымдары, мал сою пункттері, шұжық жасау цехтары сияқты малшаруашылығын өркендету бағытында атқарған ұйымдастырушылық жұмыстарын әрқайсысын талдап бір естелікке сыйғызып жазып шығу мүмкін емес.

1985 жылы Абай ауданының экономикасы мен әлеуметтік-мәдени салаларының дамуына басшылық жасаудағы Абай аудандық партия ұйымының іс-тәжірибесі Қазақстан Компартия Орталық комитетінде мақұлданып үлгі ре-